

Ордабасы ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы

Бірлескен Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 484 қаулысы және Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 43/2 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментіне 2019 жылғы 4 мамырда № 5030 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 108-бабының 1, 5 тармақтарына сәйкес, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Ордабасы аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Ордабасы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ордабасы аудандық жер қатынастар бөлімі және Ордабасы аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімінің бірлескен ұсынысына сәйкес, шекаралары өзгертілсін:

1) 54,9 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бадам ауыл округі Дербес елді мекенінің жалпы ауданы 159,4 гектар;

2) 1,0 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бадам ауыл округі Ақбұлақ елді мекенінің жалпы ауданы 253,0 гектар;

3) 10,0 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Қараспан ауыл округі Қараспан елді мекенінің жалпы ауданы 280,0 гектар;

4) 35,55 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Қажымұқан ауыл округі Көктөбе елді мекенінің жалпы ауданы 226,55 гектар;

5) 41,86 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Қажымұқан ауыл округі Ынталы елді мекенінің жалпы ауданы 215,86 гектар;

6) 88,6 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Шұбар ауыл округі Шұбар елді мекенінің жалпы ауданы 397,6 гектар;

7) 26,0 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бөржар ауыл округі Ұялыжар елді мекенінің жалпы ауданы 198,0 гектар;

8) 10,5 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бөржар ауыл округі Ықылас темір елді мекенінің жалпы ауданы 140,5 гектар;

9) 8,57 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бадам ауыл округі Бадам елді мекенінің жалпы ауданы 651,57 гектар;

10) 8,0 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Бөржар ауыл округі Ынтымақ елді мекенінің жалпы ауданы 106,0 гектар;

11) 3,0 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Қажымұқан ауыл округі Амангелді елді мекенінің жалпы ауданы 96,49 гектар;

12) 55,0 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Шұбар ауыл округі Береке елді мекенінің жалпы ауданы 145,8 гектар;

13) 25,0 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Шұбар ауыл округі Жусансай елді мекенінің жалпы ауданы 78,2 гектар;

14) 35,0 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Шұбар ауыл округі Тоқсансай елді мекенінің жалпы ауданы 134,3 гектар;

15) 245 гектар жер учаскесі елді мекеннің шегіне енгізіле отырып, Шұбарсу ауыл округі Шұбарсу елді мекенінің жалпы ауданы 2271,5 гектар болып өзгертілсін.

2. "Ордабасы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Ордабасы аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Жолдыбай

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Г. Раймбеков

Аудандық мәслихат хатшысы

Б. Садвахасов